



АҚША ҚАЙДА,
ХАЛТУРЩИКТЕР
СОНДА

3-бет



«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»
БАЙҚАУЫНА – 10 ЖЫЛ

6-бет



ҮЗІЛГЕН
ЖІП

8-бет

ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazel@mail.ru



№63 (3594) 25 тамыз 2023

СҮХБАТ

Аягул МИРАЗОВА,
Қазақстан Республикасы Білім
беру ісінің Құрметті қызметкөрі:

«МҰҒАЛІМ ЖҰМЫСЫН
ПОРТФОЛИЯ АРҚЫЛЫ
БАҒАЛАУ - САПА
ЖОЛЫНДАФЫ
САТАСЫЗ ШЕСІРІМ»

– Білім саласының түйткілі
көп. Әсіресе, мұғалімдердің ар-
ман-арыздарын соңғы кезде жиі
естітін болдық. Мәселен, ұстаз-
дар біліктілікті анықтайдын тест
талаптарын қайта қараша керек
деген пікірде. Сонымен бірге, ең-
бек өтілі отыз жылдан асқан пе-
дагогтар тестен босатылса деген
тілектерін айтады. Осы мәселеге
байланысты ойыңыз қандай?

– Әлеуметтік желі ой-талқы ала-
нына айналғалы қашан. Кейде бі-
раз жылдық тәжірибесі бар әріптес-
теріміздің «тестін керек не?» «біздің
мұнша жылдық тәжірибеліміз білімізге
дәлел бола алмай ма?» деген сынды
жазбаларын көріп қаламын. Эрине,
тәжірибе тәжірибесімен. Дегенмен
оқулықтар да, білім беру әдістемесі
де заманға қарай өзгеріп келеді. Егер
шынында білгені көп, білім жетік,
жаңаның иғлігін иеріп жүрген маман
болса, неге ол тесттен қорқады? Міне,
мәселенің бір ұши қайда жатыр? Бірақ
негізгі мәселе тәжірибелі мамандары-
мыздың жастар секілді жана техно-
логияға бірден үйренісі алмауында
жатыр деп ойлаймын. Еш нәрсе қазық
қақжандай бір орында тұрмасы анық.
Тау екеш таудың өзі үақыт өте аз да
болса орнынан бірлік жағынан жылжып
жататыны белгілі. Жүрт тәуелсіздік
алғалы ешкімнен кем болмайық, тे-
реземіз тен болсын деп, үрпақта ігілік
жолында әзінен тәлім-тәжірибесін
ескере амал-әрекет жасауда. Мысалы
«Болашақ» арқылы шетелдің онтай-
лы технологиясын үйренсін, елімізге
алып келсін деп қанша жас маманға
жол ашып, жағдай жасалды. Иә, қия
кетіп, қапа болған тұсымыз да же-
терлік. Дейтұрганмен, сіздің сауалаға
айтарым, аттестациялық тест – білім
саласының болашағы үшін есте керек
дүние.

– Білім мен білікті анықтау
үшін тест керек те шығар. Бірақ,
ұстаздардың көбі өз мамандығы
бойынша пәндік сауалдарға жау-
ап бергеннен, педагогика бойын-
ша таңдалған, аударма сауал-
дарға жауап табу қын екенін
алға тартады. Жалпы педагоги-
каны тестке қосудың не мәні бар
деп ойлайсыз?

(Соны 3-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЭС:

КҮДІК ПЕН ҮМІТ



Жақында Алматы облысының Үлкен ауылышында Атом электр станциясын салу жөнінде қоғамдық тыңдау болды. Елді мекеннің шағын ғана мектебінің мәжіліс залында өткен бұл талқылауға республиканың түкпір-түкпірінен са-
рапшылар мен қоғам қайраткерлері қатысты. Онда айтылған әңгіменің белгілі деңгейде салмағы бар екенін мойын-
дауға тиіспіз. Эрине, пікірлер екіге жарылды. Бір тарап құлтаса, екінші тарап қарсылық көрсетті. Қай-қайсысының
болмасын өз шындығы бар.

(Соны 3-бетте)

КЕЛБЕТ

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

Қай кезде де елдің ықыласына бөленіп, адамға, ел мен жерге ғұмыры мен
қызыметі кейінгі үрпаққа ұлғі болып жүрген мамандар қым-қуыт мынау тір-
лікте бағыт-бағдар берер адастырmas темірқазық жұлдызға, рухани бағалы
байлыққа айналады.

Кешегі күннің аласапыран ақиқатында сый-
нан сүрінбей өткен генерал-лейтенант Шырақ-
бек Қабылбаев есімі дәл сондай тұлғалардың
қатарында айтылуы тиіс-ті, бірақ екіншікесе
карай біз күткен дәрежеде көп айтылмай жүр.
Осы орайда запастағы полиция генерал-май-
оры, заң ғылымдарының кандидаты Мирлан
Қызылов пен белгілі қаламгер Дәүлет Сей-
сенұлы бірігін жазған «Министр Қабылбаев»
кітабы рухани кеңістігіміздегі осы бір кемшін
тұсты бүтіндейтіндей.

Шырақбек Қабылбаев – екі мәрте Ішкі істер
министрі болған адам. Ол мұның сыртында
кешегі кеңес заманында генерал-лейтенант
шешінен қол жеткізген үш қазақ азаматының
алғашқысы болды. Әлбетте, қарапайым ауыл
баласының өмір жолы тақтайдай тегіс бол-
ды деп айта алмас едік. Соған қарамастан,
оның өткен фасырдың сан қылы кезеңдерінен

сүрінбей өтіп, өз саласының биғіне қырандай
қалықтап көтеріле білгені де, кеңес империя-
сының сүркія саясатының құрбаны болып, жа-
зықсыз жазаланғаны да, ақыр соңында кемел
ақыл-парасатының, сабыры да салықында
мінезінің арқасында сондай қиямпұрыс қия-
ннатты қотере біліп, женіске жеткені де рас.

Ол көзі тірісінде Ішкі істер министрлігін
қаншама жыл басқарып, сонын іргесін қалап,
еліміздің білім ошақтарының деңгейі мен
абыройын биіктету жолында бар күш-жігерін
аямай еңбек сінірген ерен тұлға. Кеңес кезінде
Қарағандыдан ішкі істер жоғары мектебін, Ал-
матыдан ішкі істер органдарының орталығын
ашып, ол арқылы Орта Азия көлемінде Қа-
зақстанның ішкі істер органдарының абыройын
асқақтап, аспандатты. Риясыз шындық
солай еди. Осы жерде баса айтып көрсетер
жайт, Қарағанды жоғары мектебінің негізін

салушы деп алдымен министр Шырақбек Қа-
былбаев есімін атауымыз керек. Откелектерге
толы қарға адым ғұмырында одақ кезінде
Мәскеу арқылы құрмей қалып бул мәселе-
нен шешу оған есте оңайға түстеп. Мәскеу
шешім қабылдағаннан кейін білік Қарағанды
қаласында жоғары заңгерлік білім беретін
милиция кадрларын даярлайтын алғашкы
оку орталығын ашуын екінші дүниe жүзілік
соғыстың ардагері, құқық профессоры, әділет
генерал-майоры Бәрімбек Сейсенұлы Бейсе-
новек жүктеген-тұғын. Осылайша 1960 жылы
КСРО IIМ Москва жоғары милиция мектебінің
Алматыдағы құндізгі-сырттай оқыту факуль-
тетінде негізінде Сарыарқа жерінде КСРО IIМ
Қарағанды жоғары мектебі ашылған.

Ш.Қабылбаев IIМ қызыметкерлері үшін қыз-
меттік обьектілер мен пәтерлердің құрылышы-
на айрықша құрделі қаржының жұмысалынға
қол жеткізdi. IIМ-нің көлтепеген қызыметтерін тиын
игеруге белсендегі қатысқаны үшін үкіметтің
әртүрлі наградаларымен, ал Министр – Ең-
бек Қызыл Ту орденімен мараллапталады. Сол
уақытта, IIМ құрамына кірген түзету-еңбек
жүйесінің жұмыс өтілдері де ерекше назарға

алынды. Бұрынғы фасырдың 70-ші жылдарының басында Қазақстанда 60-ка жұық түзету-еңбек колониялары болған, онда жұз мының жуық сottalған ұсталынды. Басты мақсаты сottalғандардың еңбекпен тәрбиелеу арқылы тұзу жолға тусуіне бағыт беру болып табылды. Бұл міндет жемісті шешілген еді. Колонияның өзінде металды өңдеу бойынша касіпорын, кірпіш зауыты, тігін және жиназдар фабрикалары, ауылшаруашылық жағындағы басқа да жұмыстар жасалды, ол сottalғандардың орта-
білім мен мамандық алуына мүмкіндік берді.

Шырақбек Қабылбаев төнірігінде айтыла-
тын не бір қызықты, анызға бергісіз әңгімелер бар. Соның бірі әйгілі күміс көмей әнші Жәнібек Қарменов жайындағы әңгіме. Әншінің аяулы жары Тұрар Тұрсынханованның естелігінің бір үзігін қалып жүртшылықпен бөліскімді келеді.
«Жәнібек менімен алғаш танысаның кезде
Ішкі істер министрлігінің ән-би ансамблінде со-
лист болып істем жүрген. Ол жерге келгенінің өзі қызық. Жәнібек студияда оқып жүрген
шағында Жүсекен бір жаққа гастрольге кетеді.
Сол кезде Жәнібекті, атын айтпай-ақ қоянын, оқу орнының директоры оқудан шығарып жибереді. Содан Жәнібек қызық сессиясын тапсырмастан ауыльына кетіп қалады. Жәнібек өзі тез өкпелейтін және кешпейтін.

(Соны 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЭС: КҮДІК ПЕН ҮМІТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Атом электр станциясының құрылышын қолдаушылар бұл жобаның тиімділігін барынша дәлелдеуге тырысты. Олардың айтуынша, Атом электр станциясы елді аса қажет электр энергиясымен қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Оның Балқаш көліне кері әсер ету ықтималдығы төмен. «Қазақстан атом электр стансалары» ЖШС-нің директоры Тимур Жантекин бұл орайда Балқаш көлінің су шаруашылығы комитетінен алған мәліметті көлтірді. Оған сенсек, жыл сайын көл бетінен 18 миллиард м³ су булаңады екен, ал стансаға жылына бар болғаны 63 миллион м³ бу жүмсалады. Бұл көлдік табиги буның небәрі 0,3 пайызы, яғни мүлде аз. Қауіпсіздік мәселелеріне қатысты Т.Жантекин мамандар 3 немесе 3+ бунының ен тиімді технологияларына, яғни ең қауіпсіз реакторларына басымды беріп отырғанын айтты. Сонымен қатар, АЭС адамың араласынсыз жұмыс істейтін және қондырып өшірілген кезде де оның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін пассивті қорғаныс жүйесін пайдаланатын болады. Жантекин осы орайда ядролық қалдықтардың көдеге жарату технологиялары, сондай-ақ стансаны пайдаланудан шығару бірден АЭС құрылышының өзіндік құнына енгізілгенін айтты. Ал, жобаны экономикалық тиімділігіне қатысты сұрақта орай оның шығындарының ауқымды, бірақ қызмет ету мерзімі ұзақ болғандықтан, энергия өндіру құны кәдімгі электр станциясымен пара-пар болатынын ортаға салды.

Тындауға көткескан белгілі қазақстандық эколог Мэлс Елеусізов Жантекиннің Балқаш өзеннене қатысты көлтірген дерегін жоққа шығарды. Оның айтуынша, шын мәнінде біз қазір станцияны қай жерде салуды емес, Балқаштың күткәру жайлы ойлауымыз көрек. Өйткени, көп ұзамай, бұл көл тартыла

Aтом электр стансасын орнатамыз да, жоқ, па, мұны жергілікті халық, шешеді. Жергілікті тұрғындар оң шешім қабылдаса, суды, ауаны, топырақты зерттеу кезеңі басталады. Сондай-ақ, ол «мұндағы тыңдауларды Қазақстанның басқа аймақтарында, аман айтқаңда ғана Алматы, Балқаш қалаларында откізу керек» деген пікір білдіргі. Оның айтуынша, ғұл қоғаммен ашиқ, және ашиқ, діалогты қамтамасыз етуге, барлық, мұдделі тараптардың пікірлері мен мұдделерін ескеруге мүмкіндік береді. Тыңдауға қорытындысы дойынша Алматы облысының мәслихаты шешім қабылдауды, қазір ғұл құжатамайтындауда. Содан кейін ғұл мәселені Үкімет қарайды.

бастайды. Қазақстандағы мұздақтардың бүгінде 44 пайызы еріп кетті. Көп ұзамай Балқашқа құйылатын су көздері жойылады. Шын мәнінде нағыз бас ауыртатын мәселе – осы. Ол осы орайда 2000-шы жылдардың басында парламентарийлердің Қазақстанда жаһандық ядролық қалдықтардың көміп, ақша табу туралы бастама көтергендін еске алды. Бірақ қоғамның белсенді араласынсыз, арқасында бұл шешім парламенттен өтпелі. «Мен көп жылдар бойы Балқаш көлінің проблемаларымен айналысып келемін және бүгінде Балқаштың орташа терендейі небәрі алты метр екенін білемін. Жағдай қыны. Егер атом электр станциясы салынатын болса, ондағы тірі ағзаның бәрі өледі. Атом электр станциялары бүкіл адамзат үшін қашанда түткілді мәселе болған, солай болып қала береді» – деп ескертті Мэлс Елеусізов. Экологтың айтуынша, атом электр станциясын салу тек Үлкен ауылдың мәселеі емес. Бұл республикалық референдум деңгейінде талқыға түсуге тиіс жалпылахытық іс. «Жұмыстары жоқ жергілікті тұрғындарды түсінемін. Егер Қазақстан оларды ойласа, мұнда баяғыда кәдімгі зауыт салынып, адамдар жұмыс орнына ие болар еді» деп түйіндеді ол ойын.

Үлкен ауылдың тұрғындары бұл жобаны қолдайтынын білдірген еді. Олар тіпті үлкен айтуынша ұрандарын жазып алғып келіпти. Елеусізов мырза айтқандай, олар бұл шешімдерін Үлкен ауылдың тұрғындарының айтуынша, ауылдың инфрақұрылымынан нашар. Электр энергиясының тапшылығынан қоныс аударушылар көп. Жұмыс орны да аз. Егер атом электр станциясы салынса осы мәселелер өздігінен шешілдер еді. Сондықтан үлкендіктер АЭС құрылышын қолдайды. Олардың кейбірі ҚР Экология және табиги ресурстар министрлігінде сараптама кеңесінің мүшесі Светлана

А. ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Зан газеті»

МӘСЕЛЕ



«Тілдің, байлығы сөздің санымен емес, сол тілдегі ақпарат мәлшерімен есептеледі». Не десек те, «Мазмұндаға» қорының басшысы Шыңғыс Мұқаның бұл сөзі ойға қонымды. Әлем халқы етene аралас-құралас болуға мүмкіндік туып, адамзат атаулы інгілікті ортақ пайдаланар сәтте одан шет қалып кету, тоқыраумен тен. Үтінде мәселе болып жүрген қазақ тілінің мәртебесі және болашағы жазылып жатқан материал, кітап, ғылыми жұмыстар мен аудармаса тікелей байланысты. Мәселеңің түп-тамыры таптаурын, аудитория кішілігі, көркем аудармаса құрылышынан сипатталады.

АҚША ҚАЙДА, ХАЛТУРЩИКТЕР СОНДА

Әрине, шала мұсылманша Аллаға ғана тапсырды деп отырғандар арасында, амал-әрекеттің берекеттің берер дейтін жандар да баршылық. Баршылықтың арасындағы басшының да, қызметкердің де күйігі – қаржы.

«Орыс тілінен аударылған бір бет жазба 2000 теңге, ағылшын тілінен 3000 теңге төнгірінде бағаланады. Орташа маманның айлығы сонда 250-300 мың теңге. Әзірge ғен оптимистік құн. Көп бергің келеді, бірақ амал нешік. Кітап аударып басуға кеткен қаржы ұзақ уақытқа салынған инвестиция. Бір кітаптың күрделілігіне қарай шығарылымына 2 айдан, 2 жылға дейін ұзақ кетсе, оның шығынды ақтап, пайдага шығуғы үшін одан екі есе, не одан да көп ұақыт керек» – дейді Шыңғыс Мұқан.

«Жақында бір баспадан ұсыныс түсті, үәделеспек пұлы, ішіп жемге де жетпейді. Оныңына қымсынып тұрған басшы жоқ. Бізде көбі жан қалауымен жұмыс жасайды дейді. Жан қалауы деп жүріп қашан дамымақты?» – дейді аудармашы Динара Мәзен.

Иә, барлық қауым шетелдегідей тенденция болса дамыр ек дейді, бірақ ол тенденция орнауы екіталаі екенін іштей біліп те отыр. Тенденция деп жырғытқаны мықты корректор, редактор, аудармашы, авторлар қарым-қабілеттің қарай, ез бағасын өзі ұсынса, ал баспалар маманға аш қасқырдай таласса, кітап тиражы кемі 200 мыңнан түспей жүрсе дегені де. Ал фактіге келесек, елімізде 5000 тираж – үлкен меже, қуаныш. Әрине елімізде арнайы мектеп оқулықтарын басар баспалар салыстырмалы түрде жаксы табыска ие. Мемлекеттеп тапсырысы жұмысшылар наны болып отыр. Оларға 5000-10 000 тираж деген түк те емес. Бірақ кітапқа, көркем аудармашы келгенде мемлекет іске араласты деген сөз, сапаға «сая бол, қарағым» дегенмен тен. Шыңғыс Мұқан айтпақшы, мемлекет аямай қаржы құюы мүмкін, дегенмен ақша болынды, ақша қайда «халтурщиктер сонда». Одан да акырын адымдат болса да, не-ізгілік акцентті сапаға негіздей дамығанымыз әлдеқайда дұрыс.

Калькаға толы кітап – тұзы көп тамақ секілді

Сапа деп санқылдау астында мән бар. Интернет көмегімен аударып сөздің сөлін сорып жүргелі еліміз екі аунап тұрды. Калькаға толы кітапка, тұзы көп тамақты ауызға салғандай екінші қайта жолай қоймайсын. Оның үстінен ілеспелі көркем аударудың ақсандаш бара жатқаны жыылығанға жүдірік. Аз-маз кітап сүйер 20 жылдан фокус топ күрүп, арнайы сауалмен азғантай тексеріп көріп едік – 28% аударма кітаптың сапасына көnlі толмайтынын, 33 пайызы жауап беруге қынайтынын, калған 39 пайызы аударманың көnlінен шығатынын мойындарды. Әрине жаман емес, дегенмен, жақсы да емес. Steppe & World баспа үйінің редакторы Назгул Қожабек «кей аудармашы сөзбе сөз, мағынасын өзгертпей аударады. Бірақ оқылымы сүйкіміз. Кей аудармашы бар сөзі тамаша, дегенмен түпнұсқа желісін

Осы тұста Динара Мәзен аударма ісінің 4 артықшылығын тізіп берді. Бірінші, шет тілді білмессе де, шетел мәдениетімен танысада деушілерге мүмкіндік ашу. Екіншіден, білім ала-мын, дамынын деген жандарға ақпараттық қор жинақтау. Үшіншіден, баслагерлерге пайдаға кенелуге мүмкіндік ашу. Төртінші, жазушылардың әлем тәжірибесін көріп, үлгі алуына мүмкіндік жасау.

Тілдің ақпараттық жұтап бара жатқанының заттай дәлелі Чат GPT. Ағылшын тілінде нейрорежел РНД-доктарант деңгейінде сөз саралап, сауалға жауап қата алады. Ал қазақ тілінде ежікеп оқыр қалаш ақсандашды. Мәселе нейрорежелде емес, мәселе бізді. 1 миллиардан аса халық қолданытын тіл базасы, 20 миллиондық халық базасынан үлкен болары сөзсіз. Сондықтан кім не десе де елдін, үлттың мүддесі үшін жұмысты тоқтатпау қажет. Мамандарымыз көмі көркем аударма дамуына мемлекет тараپынан 7 мыңдай мектеп және кітап өнімін тұтынан 10-15 мың мекемеге, сауалнама жүргізіп, оқысыз келетін шеттілдік кітап базасын сандық деректе жинаса, оның өзі үлкен көмек болар еді дейді.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Зан газеті»

